

Ғабит Мұсірепов атындағы ауданның әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 қазандағы № 38-7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда N 3487 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2017 жылғы 03 наурыздағы № 10-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 03.03.2017 № 10-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешімге қосымшада көрсетілген Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихаты қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы
аудан мәслихатының
XXXVIII сессиясының
төраймы*

*Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мұсірепов атындағы
аудан мәслихатының
хатшысы
"КЕЛІСІЛДІ"
Солтүстік Қазақстан*

И. Гроот

Б. Ысқакова

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит
Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының
2015 жылғы 30 қазандығы № 38-7 шешіміне
қосымшасы

Күші жойылды деп танылған Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 22-5 шешімі (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 27 қаңтарда № 2518 тіркелген, 2014 жылғы 10 ақпанда "Есіл өнірі", 2014 жылғы 10 ақпанда "Новости Приишимья" аудандық газеттерінде жарияланған).

2. "Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 22-5 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2014 жылғы 29 шілдедегі № 28-3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 26 тамызда № 2919 тіркелген, 2014 жылғы 8 қыркүйекте "Есіл өнірі", 2014 жылғы 8 қыркүйекте "Новости Приишимья" аудандық газеттерінде жарияланған).

3. "Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 22-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 32-4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 28 қаңтарда № 3089 тіркелген, 2015 жылғы 16 ақпанда "Есіл өнірі", 2015 жылғы 16 ақпанда "Новости Приишимья" аудандық газеттерінде жарияланған).

4. "Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Ғабит Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 22-5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 29 шілдедегі № 37-4 шешімі (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 26 тамызда № 3357

тіркелген, 2014 жылғы 12 қыркүйекте "Есіл өнірі", 2014 жылғы 12 қыркүйекте "Новости Приишимья" аудандық газеттерінде жарияланған).

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит
Мұсірепов атындағы аудан мәслихатының
2015 жылғы 30 қазандығы № 38-7
шешімімен бекітілген

Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына, Мемлекет басшысының Үкіметтің 2015 жылғы 11 ақпандағы кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 72-тармағына сәйкес "Ерекше кезең" экономикалық саясатының шараларын ескере отыра әзірленді және өмірлік қызын жағдай туындаған кезде Ғабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 19.10.2016 № 5-4 шешімімен (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер

көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірлік қызын жағдайлар туындауына байланысты көрсетілетін әлеуметтік көмек үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарастыру бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

4) әлеуметтік бейімдеу жөніндегі шаралар - "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 21-бабында айқындалған мүгедектерді әлеуметтік оңалту шаралары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көрсетілетін өзге де мемлекеттік қолдау шаралары түрінде әлеуметтік орта жағдайларына бейімделуі мақсатында ұсынылатын шаралар;

5) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының жұмыссыз, өз бетінше жұмыспен айналысушы және табысы аз азаматтары қатарындағы жеке тұлға мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы, тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындаитын келісім;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстағы статистика органдарымен есептелген мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

7) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және табысы аз халықтың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды, мемлекет Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын мемлекеттік қолдау шаралары;

8) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – уәкілетті орган өтініш берушімен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесіп жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) отбасы мүшелерін әлеуметтік бейімдеу жөнінде құрган іс-шаралар жоспары;

10) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

11) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты – "Өрлеу" жобасына қатысуға отбасының атынан әрекет ететін жұмысқа қабілетті жеке тұлға мен тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындаушы уәкілетті орган арасындағы келісім;

12) өмірлік қын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

13) уәкілетті орган – "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) участелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін ауылдық округ әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

15) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 21.12.2016 № 8-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы Қағидалар Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының аумағында тұратын тұлғаларға таратылады.

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әкімдігімен берілетін, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қын жағдай туындаған кезде, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Атаулы күндер мен мереке күндер тізбесі және әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

Атаулы күндер мен мереке күндерге әлеуметтік көмек мөлшері Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің келісуі бойынша бір жолғы мөлшерде белгіленеді.

7. Участелік және арнайы комиссия өз қызметтерін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен бекітілетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек мөлшерлерін белгілеу тәртібі

8. Алушылар санаттарының тізбесін, әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлерін, табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке өтініш білдіру мерзімдерін жергілікті атқарушы орган белгілейді және осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес бекітіледі.

9. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу және адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесі осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес бекітіледі.

Арнайы комиссия әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарған кезде азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелер тізбесін басшылыққа алады.

10. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізіндегі әлеуметтік көмекті қосапағанда, арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

11. Әлеуметтік көмек азаматтарға осы Қағидалардың 3-қосымшасының 1) – 12), 14) -тармақшаларында көрсетілген негіздемелер бойынша адамның (отбасының) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір мезгілде көрсетіледі.

12. Әлеуметтік көмек азаматтарға (отбасына) осы Қағиданың 3-қосымшасының 13)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша адамның (отбасының) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінің бір еселік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысын ескере отыра, 60 (алпыс) ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде бір мезгілде көрсетіледі.

13. Шартталған әлеуметтік көмек осы Қағиданың 3-қосымшасының 19)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы мен Солтүстік Қазақстан облысында белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырma ретінде отбасының әрбір мүшесіне ай сайын немесе үміткердің өтініші бойынша үш айға бір мезгілде көрсетіледі, және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының қолданылу мерзіміне тағайындалады.

Отбасының құрамы өзгерген жағдайда, шартталған әлеуметтік көмектің мөлшері көрсетілген мән-жайлар орын алған сәттен бастап қайта есептеледі, бірақ оны тағайындаған сәттен бұрын емес.

14. Әлеуметтік көмек осы Қағидаларға 3-қосымшаның 15)-тармақшасында

көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, ұсынылған шот-фактураға сәйкес құн мөлшерінде (бағалы металдар мен металл қерамикадан, металл акрилден жасалған протездерден басқа) 2 жылда бір рет көрсетіледі.

15. Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 3-қосымшасының 16)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, санаторлық-курорттық емделу құны мөлшерінде жылына бір рет көрсетіледі.

15-1. Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 3-қосымшасының 20) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, жүрген жол құны мөлшерінде қажетінше көрсетіледі.

Ескерту. Шешім 15-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 21.12.2016 № 8-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 3-қосымшасының 17)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын көрсетіледі.

17. Әлеуметтік көмек осы Қағидалардың 3-қосымшаның 18) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз денсаулық сактау мекемесінің анықтамасын ұсыну және тізім бойынша, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тоқсан сайын көрсетіледі. Әлеуметтік көмекті төлеу өтіп кеткен тоқсанға жүргізіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 24.05.2016 N 3-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Шартталған әлеуметтік көмек көрсетуге адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы шартталған әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш жасаған айдың алдындағы үш айға алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына бөлу арқылы және үш айға есептеп шығарылады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізіндегі шартталған әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының қолданылу мерзімі ішінде қайта қаралмайды.

Сонымен бірге жиынтық табыс "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-е бүйрүғымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 28 тамызда Нормативтік құқықтық актлерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5757 болып енгізілді)

бекітілген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуда үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесіне сәйкес есептеледі.

19. Өтініш беру айы болып өтінішке қоса құжаттарды беру айы есептеледі.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

20. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштері талап етілмей, уәкілетті үйымның не өзге де үйымдардың ұсынымы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының әкімдігімен бекітілетін тізім бойынша көрсетіледі.

21. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұракты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

22. Құжаттар салыстырып тексеру үшін тұпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

23. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде көрсетілетін әлеуметтік көмекке өтініш түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс қүннің ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайын тексеру үшін участекелік комиссияға жібереді.

24. Участекелік комиссия екі жұмыс қүннің ішінде құжаттарды алған күнінен бастап өтініш беруші жөнінде тексеру жүргізеді, оның нәтижесінде адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, осы Қағидалардың 5, 6-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаж екені туралы қорытынды әзірлейді және оларды ауылдық округтің әкіміне жібереді.

Ауылдық округтің әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

25. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарауға қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

26. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

27. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарастыруына ұсынады.

28. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

29. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 24 және 25-тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

30. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

31. Алынып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Габит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 24.05.2016 N 3-4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32. Әлеуметтік көмек өмірлік қызын жағдай туындаған күннен бастап алты айдан кешіктірмей ұсынылады.

33. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан;
- 4) 3-қосымшаның 19)-тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша азаматтардың отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасаудан бас тартқан жағдайларда жүзеге асырылады.

34. Әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстарды қаржыландыру ауданының

бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек төлемі екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің дербес шоттарына сомаларды уәкілетті органдардың аударуы жолымен жүзеге асырылады.

4. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартталған әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

35. Адам (отбасы) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартталған әлеуметтік көмек алуға жүгінген кезде жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органның маманы немесе, ауылдық округ әкімі консультация өткізу деңгейіндегі оны көрсету шартын түсіндіреді және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасауға келісім берген жағдайда азаматпен әңгімелесу жүргізеді, оның барысында отбасының (азаматтың) проблемалары туралы, оның өмірлік қызын жағдайдан шығу мүмкіндігі туралы ақпаратты нақтылайды.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 7 және 8-қосымшаларына сәйкес әңгімелесу параграфы ресімделеді және өтініш берушінің отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырылады.

36. Осы Қағидалардың 9-10-қосымшаларына сәйкес әлеуметтік келісімшарт негізіндегі шартталған әлеуметтік көмекке құқық айқындалғаннан кейін уәкілетті орган өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін отбасыға көмектің жеке жоспарын (бұдан әрі – жеке жоспар) әзірлеу және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау үшін шақырады.

Бұл ретте, бір жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген жағдайларды және 1, 2-топ мүгедектерін, оқушыларды, студенттерді, тындаушыларды, курсанттарды және күндізгі оқу нысанындағы магистранттарды қоспағанда, өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар санатына жатқызылған өтініш берушілер "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Занына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуға жұмыспен қамту орталығына жіберіледі не жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларына жолдама беріледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 21.12.2016 № 8-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

37. Жеке жоспар өтініш берушімен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен

бірлесіп жасалады және аз қамсыздандырылған азаматтардың тыныс-тіршілік деңгейін арттыру үшін отбасын (азаматты) кәсіптік және әлеуметтік бейімдеудің көзделген іс-шараларынан тұрады, атап айтқанда:

- 1) уәкілдегі орган және (немесе) Жұмыспен қамту орталығының жәрдемдесуімен жұмысты белсенді түрде іздеу және олар ұсынған жұмыс орындарына жұмысқа орналасу;
- 2) кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілікті арттырудан өту;
- 3) жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу;
- 4) халықтың нысаналы топтарының мерзімдік скринингтік тексеруден өтуі;
- 5) отбасының құрамында жүктіліктің 12 аптасына дейін әйелдер болған жағдайда, акушерлік-гинекологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымына медициналық есепке тұру және жүктіліктің барлық кезеңінде бақылауда болу;
- 6) әлеуметтік мәні бар аурулары (маскүнемдік, нашақорлық, туберкулез) болған жағдайда өз еркімен емделу;
- 7) арнаулы әлеуметтік қызметтерді және (немесе) мүгедектерді оңалту шараларын уақытылы алу;
- 8) аз қамсыздандырылған отбасының (азаматтың) жеке қажеттілігіне байланысты уәкілдегі органның қалауы бойынша айқындалған кәсіптік және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі басқа да іс-шаралар.

38. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысу: стационарлық, амбулаторлық (санаторлық) емделу (тиісті медициналық ұйымдардан растайтын құжаттар ұсынған кезде) кезеңінде; жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын негізгі үміткерден (үміткерлерден) басқа, адамдардың үш жасқа дейінгі балаға, он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мүқтаж бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқан қарттарға күтім жасауды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін міндетті шарт болып табылады.

39. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты алты айға, бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік окуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай алты айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты ұзартылған жағдайда, әлеуметтік көмек мөлшері қайта қаралмайды.

40. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты екі данада

жасалады, оның біреуі өтініш берушіге осы тіркеу журналына қол қойғызып беріледі, екіншісі – уәкілетті органда сақталады.

41. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторинг жасау.

42. Уәкілетті орган барлық кезеңде отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын сұйемелдеуді және жеке жоспардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ оның тиімділігіне бағалау жүргізеді.

5. Көрсетілетін әлеуметтік көмектің тоқтатылуы және қайтарылуы үшін негіздемелер

43. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Фабит Мұсірепов атындағы ауданының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушкины мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 5) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты және әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелердің бұзған және (немесе) орынданамаған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

44. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

6. Қорытынды ереже

45. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізіндегі әлеуметтік көмекті қоспағанда, әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алушы уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

46. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізіндегі шартталған әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алушы уәкілетті орган "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Фабит Мұсірепов атындағы ауданда әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж

Атаулы күндерінің, мереке күндерінің, алушылар санаттарының тізбесі, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері

Ескерту. 1-косымша жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы мәслихатының 21.12.2016 № 8-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	p/ б атауы	Элеуметтік көмектің атаулы күндерінің, мереке күндерінің және алушылар санаттарының көмек көрсетудің еселігі және мөлшері	Элеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері
1	2	3	
15 акпан – "Ауғанстан аумағынан әскерді шығару күні"			
1	Кеңестік Армияның, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметкерлері, бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттер аумағында жауынгерлік әрекеттерге қатысқан бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басшы құрамдарына кірген тұлғалар (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса айтқанда); жауынгерлік әрекеттер жүргізілген тұста оку жиындарына шақырылып, Ауғанстанға жіберілген әскери міндетті тұлғалар; жауынгерлік әрекеттер жүргізілген тұста Ауғанстанға жүк жеткізу үшін сол елге жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметкерлері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан әскери тапсырмалармен Ауғанстанға ұшқан ұшқыштар құрамының әскери қызметкерлері; Ауғанстандағы кеңестік жауынгерлер құрамына қызмет көрсеткен, жаракат, жарымжандық, зақым алған немесе жауынгерлік әрекеттерді қамтамасыз етуге ат салықсаны үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш	
2	Бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, басқа уакыттардағы өзге де әскери міндеттерін атқару барысында немесе майданда болуына байланысты ауыруы нәтижесінде, сондай-ақ жауынгерлік әрекеттер жүргізілген Ауғанстан немесе басқа да мемлекеттердегі әскери қызметтің өтеу кезінде алынған жаракат, жарымжандық, зақым нәтижесінде мүгедектікке душар болған әскери қызметшілер.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш	
3	Өзге елдерде әрекеттегі армияның жауынгерлер құрамына қызмет еткен және жауынгерлік әрекеттер кезеңінде жаракат, жарымжандық, зақым немесе ауру нәтижесінде мүгедектікке душар болған тиісті санаттың жұмысшылары мен қызметшілері.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш	
4	Ауғанстандағы жауынгерлік әрекеттер кезінде немесе жауынгерлік әрекеттер орын алған өзге мемлекеттерде жаракат алу, жарымжандық, зақым, ауру нәтижесінде қаза тапқан (із-түzsіz жоғалған) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш	
5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және жауынгерлік әрекеттер жүргізілген басқа да елдерге жұмыс істеу үшін барған жұмысшылар	Жылына 1 рет – 15 айлық	

	мен қызметшілер.	есептік көрсеткіш
6	Ауганстан аумагында уақытша болған және совет әскерлерінің шектелген контингенті құрамына енбекен, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік Комитетінің жұмысышылары мен қызметшілері.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
	8 наурыз – "Халықаралық әйелдер күні"	
1	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I, II дәрежелі "Ана Даңқы" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар.	Жылына 1 рет – 5 айлық есептік көрсеткіш
	26 сәуір – "Чернобыль атом электр станциясындағы апатты еске алу күні"	
1	1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС және басқа да азаматтық немесе әскери мақсаттағы нысандардағы радиациялық апаттар мен қатерлі жағдайлар салдарын жоюға, сондай-ақ ядролық қаруды сынақтан өткізу мен оқуларға тікелей қатысқан тұлғалар.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
2	Чернобыль АЭС апаты және азаматтық немесе әскери мақсаттағы нысандардағы басқа да радиациялық апаттар мен қатерлі жағдайлардың, ядролық қаруды сынақтан өткізу салдарынан мүгедек болған тұлғалар, және ата-анасының біреуінің радиациялық сәуле алуына байланысты мүгедектігі генетикалық түрғыда болған олардың балалары.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
3	Чернобыль АЭС және азаматтық немесе әскери мақсаттағы нысандардағы басқа да радиациялық апаттар мен қатерлі жағдайлар салдарын жою кезінде қазаға ұшыраған тұлғалардың отбасылары.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
4	Сәуле ауруы салдарынан қайтыс болған тұлғалардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қазасы белгіленген тәртіппе Чернобыль АЭС немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы нысандардағы басқа да радиациялық апаттар мен қатерлі жағдайлар салдарын жою кезінде қазаға ұшыраған ядролық қаруды сынақтан өткізуінді әсерімен байланысты азаматтардың отбасылары.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
5	1988-1989 жылдары Чернобыль АЭС апаты салдарын жоюға қатысушылар қатарындағы оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына эвакуацияланған (өздігінен кеткен) тұлғалар, эвакуацияланған күні құрсақта жатқан балаларын қоса айтқанда.	Жылына 1 рет – 15 айлық есептік көрсеткіш
	7 мамыр – "Отан қорғаушылар күні"	
